



Құрбан алып
қабил болалық!

№ 32 (1501)
16 қазан
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

АСЛАН СӘРІНЖІПОВ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ



Ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ озық дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, заманауи талаптарға сай дамып, өсу үстінде. Кемелденген университет ұжымы бүгінде зерттеушілікке баса назар аудара отырып, сапалы білім мен рухани тәрбие беруді жолға қойған. Нәтижеге бағытталған жұмыстың жемісі де мол. Отандық жоғары білім беру ісіндегі бірегей университеттің жетістіктері және тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында 14 қазан күні ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Бәкенұлы Сәрінжіпов ҚазҰУ-ға келді.

ҚазҰУ-ға сапар әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханадан бастау алды. Аслан Бәкенұлы Орталық Азия ЖОО-лары арасындағы ең ірі кітапхананың оқырман залы, электронды кітапхана және ақпараттық технологиялар бөлімдерін аралады. Сондай-ақ мұнда ол ҚазҰУ қалашығының көркі мен жайлылығын арттыруды көздеген 2020-ға дейінгі бас жоспармен етене таныса отырып, өз ойын ортаға салды.

Қалашықпен танысу кезінде министр маңызды нысандардың бірі «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының құрылыс барысын көзбен көрді. Сонымен қатар университет студенттерінің ғылыми зерттемелері қонақтардың назарын ерекше аударды. Университет технопаркінде болған Аслан Бәкенұлына студенттер өз жобалары

жайлы әңгімелеп берді. Ел экономикасы үшін ғылым мен инновацияның, орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудың аса маңыздылығын студенттердің терең ұғынатынын айта отырып, ректор Ғалым Мұтанұлы студенттердің өз жобалары арқылы қаржы таба бастағандықтарын тілге тиек етті. Студенттер өздері жасап шығарған ҚазҰУ жейдесін бас қонақ пен университет басшысына сыйға тартты.

«Мен Сіздермен кездескеніме шын жүректен қуаныштымын! Баршаңызды мұсылман қауымының ұлық мерекесі Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің білім беру ісіне қосып отырған еңбектеріңіз ерен.

Жалғасы 2-бетте

В КазНУ состоялся визит заместителя премьер-министра РК, министра индустрии и новых технологий А.О.Исекешева. Ключевым вопросом повестки дня стало обсуждение возможности размещения третьей очереди Парка инновационных технологий «Алатау» на территории кампуса КазНУ.



ИННОВАЦИОННОМУ КЛАСТЕРУ БЫТЬ

Президентом страны Н.А.Назарбаевым поставлена задача по созданию в Казахстане исследовательских университетов новой формации. Они призваны стать реальным хозяйствующим субъектом «умной инновационной экономики» страны, что невозможно без наличия специальной инфраструктуры. Учитывая высокий научно-инновационный потенциал КазНУ, вице-премьером РК А.О.Исекешевым высказано предложение о создании научно-образовательного

инновационного кластера путем размещения 3-го этапа ПИТ «Алатау» на базе университетского кампуса. «Так как большинство ведущих вузов находится в городе Алматы, а инновации сосредоточены в КазНУ, мы планируем реализовать этот проект на базе университета. Для ученых и студентов будут все условия для плодотворной научно-исследовательской деятельности в сфере высоких технологий», - отметил министр Асет Исекешев.

Продолжение на 2 стр.

КАЗАХСТАН ПРЕДСТАВЛЕН В FEANI

Казахстанское общество инженерного образования (KazSEE) стало аффилированным членом Европейской федерации национальных инженерных ассоциаций (FEANI). Решение об этом было принято на сессии Генеральной Ассамблеи FEANI, прошедшей в столице Македонии г. Скопье. Это еще один шаг к международному признанию казахстанского образования. Вступление Казахстанского общества инженерного образования в FEANI позволит проводить аккредитацию инженерных образовательных программ и сертификацию квалификации специалистов.

В Послании народу «Стратегия «Казахстан-2050» Президентом страны Н. Назарбаевым поставлена задача создания на базе отраслевых ассоциаций независимой системы подтверждения квалификации специалистов. Государство не должно одновременно предоставлять образовательные услуги и оценивать их качество. Развитие инженерного образования и современных технических специальностей для экономики Казахстана, повышение профессионального уровня инженеров,

их сертификация по международным требованиям являются приоритетными направлениями деятельности KazSEE.

Принятие такого республиканского общественно-профессионального объединения, как KazSEE, в Европейскую федерацию национальных инженерных ассоциаций открывает новые возможности для Казахстана.

Продолжение на 2 стр.

МАСТЕР - КЛАСС ЧЕМПИОНА

В КазНУ состоялась встреча студентов университета с олимпийским чемпионом по боксу Сериком Сапиевым. В формате непринужденной беседы он рассказал о себе, спортивной карьере и достижениях, ответил на многочисленные вопросы студентов и провел мастер-класс.

Инициатором мероприятия выступило управление по вопросам молодежной политики г. Алматы и Комитет молодежных организаций университета. «Мы хотим сделать такие встречи традиционными, чтобы воспитывать молодое поколение на примерах личностей, которые ставят перед собой цель, добиваются ее и становятся гордостью нашей страны.

Продолжение на 3 стр.

БҮГІНГІ САҢДА:

ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ҚОРЫНАН ШӘКІРТАҚЫ ИЕЛЕНДІ



2-бет

БҮГІНГІ САҢДА:

«ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ЕШҚАШАН ДА ҚҰЛДЫҚ БОЛМАҒАН»



4-бет

БҮГІНГІ САҢДА:

ЭТОЙ ЯРМАРКИ КРАСКИ...



3,8-стр.

Жалғасы. Басы 1 бетте

АСЛАН СӘРІНЖІПОВ ҚАЗҰУ-ҒА КЕЛДІ



Бүгін де биік жетістіктеріңізге куә болып отырмын», – деді Аслан Бәкенұлы кездесуді қорытындылаған сәтте. Ол оқытушы профессорлық құрамның мәртебесін көтере сөйлеп, ұжымға жоғары баға берді. Ел игілігі үшін жұдырықтай жұмыла еңбек етуге шақырды. Жас ұрпақты дайындау әрі тәрбиелеудегі ҚазҰУ-дың орнын ерекше атап өтті. Сонымен қоса кездесу аясында ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелер сөз болды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ҚОРЫНАН ШӘКІРТАҚЫ ИЕЛЕНДІ

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің Қоры студенттерге арнайы шәкіртақы тағайындап, республикалық байқау жариялаған болатын. Дәстүрлі байқау биыл төртінші рет өтіп отыр. Күні кеше ғана оның жеңімпаздары анықталды. Шәкіртақы студенттердің оқу мен ғылыми-шығармашылық қызметтерін ынталандыру үшін тағайындалған.

Байқауға қатысушылар саны жылдағыдан артқан. Биыл шамамен байқауға республиканың түкпір-түкпірінен, айталық Тараз, Қарағанды, Теміртау, Орал, Астана, Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарынан өтініш білдірген. Кезекті байқауда бағалау комиссиясының шешімімен 80 студент жеңімпаз атанып, Тұңғыш Президент қорының стипендиясын жеңіп алды. Бұл стипендия бір жылғы оқу мерзіміне беріледі.

Шарада сөз сөйлеген ҚР Тұңғыш президенті қорының атқарушы директоры Сағындық Нұраханов стипендиаттарға ақ тілегін білдірді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының биылғы шәкіртақысына ҚазҰУ-дың сегіз студенті: Ж. Әбдібек, А. Алышынбаева, Д. Балабекұлы, Н. Сейдаханова, С. Қосжанова, Г. Өміралиева, Ұ. Жармұхамедов, А. Щевченко ие болды. Шарадан ерекше әсер алған журналистика факультеті, баспа ісі және дизайн кафедрасының 3-курс студенті Досжан Балабекұлы:

«Білім мен шығармашылығымдағы жетістіктерге оң көзқарас көрсеткен үшін алғысымды айтқым келеді. Менің осындай жетістіктерге жетуіме үлес қосқан ұстаздарымды мақтан тұтамын», – деп көпшілік алдында ақ тілегін жеткізді. Ал, келесі стипендиат Жәния Әбдібек: «Бүгін екінші мәрте Елбасы, ҚР Бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тағайындаған арнайы стипендияның иегері атандым. Стипендия университетіміздің ғылыми және қоғамдық өмірінде белсенділік танытқаным үшін берілді. Әрине, бұл ең алдымен, Алланың бұйырқаны болса, екіншіден ұстаздарымның бағыт-бағдар көрсетіп, ғылыми жұмыстар байқауына үнемі талаптандырып, қатыстыруының жемісі деп білемін. Сондықтан, ұстаздарыма алғыс айтамын», – деді.

Бұл шараны отандық ғылым мен білімге құйылған инвестиция деп білуге болады.

Қарлыға МЫСАЕВА,
Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,
журналистика
факультетінің ұстаздары



«Алатау» ИТП дамуының үшінші кезеңі ҚазҰУ-да іске асырылатын болады

Продолжение. Начало на 1 стр.

ИННОВАЦИОННОМУ КЛАСТЕРУ БЫТЬ

Это мнение поддержал и аким г.Алматы Ахметжан Есимов, присутствовавший на встрече: «Мы готовы поддержать это предложение, потому что 47% научных разработок страны представлены именно в Алматы. Реализация третьего этапа развития ПИТ «Алатау» на базе КазНУ станет эффективным решением в создании и продвижении инноваций», – сказал он.

На сегодняшний день проект «Инновационный кластер КазНУ им. аль-Фараби» включен в Государственную программу по развитию инноваций и поддержке технологической модернизации Казахстана МИНТ РК. Результатом создания кластера будет внедрение наиболее перспективных разработок ученых КазНУ и научных организаций в производство, их коммерциализация, в том числе в виде создания инновационных предприятий. Мировой опыт развитых стран показывает, что подобные инновационные кластеры должны создаваться на базе крупных университетов, на основе триединства «наука-образование-инновационное производство». Создание кластера университета предлагается осуществить на принципах государственно-частного партнерства, поскольку имеется реальная заинтересованность в инвестировании этого проекта на сумму 500 млн. долларов США со стороны ведущих компаний Кореи, Гонконга и Сингапура.

В ходе визита вице-премьер ознакомился с выставкой достижений научно-инновационных проектов ученых университета. КазНУ всецело поддерживает политику Главы государства, достиг существенных успехов в построении «технологического коридора», обеспечивающего эффективное функционирование всей инновационной цепочки «от идеи до внедрения и коммерциализации высоко-

котехнологичного продукта». Так, в университете успешно действуют 8 НИИ, 23 центра, включая единственный в Центральной Азии и Казахстане центр IT-технологий НР, Технопарк, Бизнес-инкубатор, офис коммерциализации. В настоящее время в КазНУ успешно проводятся работы по внедрению реального сектора экономики десяти инновационных проектов ученых университета в рамках проектов Всемирного Банка и АО НАТР МИНТ РК. На инновационных решениях компании Fujitsu создан корпоративный дата-центр и произведено цифровое оснащение новой университетской Научной библиотеки. В рамках Международного консорциума Uniform Project совместно с Токийским университетом начата разработка уникального проекта по созданию и запуску первого отечественного наноспутника.

По мнению экспертов высшего ранга Евросоюза, высокие достижения в научно-инновационной деятельности позволяют КазНУ в ближайшей перспективе стать автономным национальным исследовательским университетом. Войдя по оценкам авторитетного международного рейтингового агентства QS в топ-300 университетов и заняв 299 место среди 800 вузов мира, КазНУ тем самым уже сегодня приблизился к решению этой задачи. Научно-образовательный и инновационный кластер КазНУ станет моделью нового метода управления наукой, ориентированного на коммерциализацию научных разработок. Основанный на принципах научного самоуправления и экономической самостоятельности, новый кластер позволит создать уникальную точку роста национальной инновационной системы.

Пресс-служба КазНУ

Продолжение. Начало на 1 стр.

КАЗАХСТАН ПРЕДСТАВЛЕН В FEANI

По словам президента Казахстанского общества инженерного образования, ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика Галыма Мутанова, теперь отечественные специалисты естественно-научной сферы, инжиниринга и технологий смогут не только подтвердить свою квалификацию и получать европейский сертификат, но и будут иметь возможность включения в реестр Европейских инженеров (EurEng). Таким образом, они станут полноправными участниками интеграционных процессов в области подготовки инженерных кадров, будет обеспечиваться их мобильность и возможность получения инженерной карты (EngCard), позволяющей осуществлять профессиональную деятельность в странах Евросоюза.

В реализации поручений Главы государства по развитию инженерного образования KazSEE в тесной связи работает с ведущими вузами страны. Разрабатываются и внедряются новые учебно-образовательные программы, соответствующие международным стандартам, проводится аккредитация образовательных программ, сертификация квалификации выпускников. KazSEE участвует в реализации международного Казахстанско-Индо-Американского проекта по повышению квалификации, подготовке



и переподготовке преподавателей вузов естественно-научных и технических дисциплин, а также проекта Темпус «Качество инженерного образования в Центральной Азии».

Установлено партнерское сотрудничество KazSEE с Европейской сетью по аккредитации в области инженерного образования (ENAE), которое позволяет представлять образовательные программы на присвоение европейского знака качества «EUR-ASE Label». Совместно с Международным обществом по инженерной педагогике (IGIP) начата работа по подготовке и сертификации преподавателей вузов.

FEANI является членом Всемирной федерации инженерных организаций (WFEO), официально признается Европейской комиссией в качестве эксперта в области европейского инженерного образования и имеет статус консультанта при ЮНЕСКО, ЮНИДО и в Совете Европы.

Д. ДЮСЕБАЕВ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

ЖАҢА ОҚУ ҚҰРАЛЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ағымдағы жылдың маусым айында Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында тарихты зерттеуде жаңаша бетбұрыс қажеттілігі айтылды. Оның айтуынша: «Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуы тиіс. Ол тұжырымдама бүкіл әлемдік тарихпен тығыз байланыста болуы керек және аса ауқымды тарихи үдерістердегі, олардың өзара байланысы мен ғылыми кезеңдену жүйесіндегі Қазақстанның орнын анық көрсетуі тиіс».



Мемлекеттік хатшы сапалы оқу құралын даярлау ісін де назардан тыс қалдырған жоқ. Осы аталған тапсырмаларды орындауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы белсенді кірісіп отыр. Оның жарқын мысалы – жақында «КСРО мен ТМД елдерінің тарихы (1917-2012)» атты жаңа оқу құралы жарық көрді. Т.ғ.д., профессор, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі Қ. Т. Жұмағұлов пен т.ғ.к., доцент Р. О. Садықованың бірлесуімен «Қазақ университеті» баспасынан шығарылған бұл оқу құралы – КСРО мен ТМД елдерінің тарихын қарастырған отандық ғылымдағы алғашқы еңбектердің бірі. Оқу құралының қазақ тілінде ұсынылуы да студент қауымына үлкен қуаныш сыйлады.

Әлемдік тарихтың белгілі маманы профессор Қ.Т. Жұмағұлов пен доцент Р.О. Садықованың дайындауымен жоғары оқу орындарының студенттері мен мамандарына, жалпы көпшілікке

ұсынылып отырған оқу құралында бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, дәлірек айтқанда, Ресейдегі Қазан төңкерісі нәтижесінде дүниеге келген жаңа империя – КСРО-ның пайда болуы, дамуы және құлауы, сондай-ақ осы құлаған империяның кеңістігінде қалыптасқан тәуелсіз мемлекеттердің тарихы жан-жақты қарастырылған. Жұмыста посткеңестік аймақтағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығынан бастап, Еуразиялық Одақ, Кеден Одағы сияқты аймақтық ұйымдардың қызметі талданған. Осы тұрғыдан аталған оқу құралын уақытында шығарылған бүгінгі қоғам үшін аса қажетті еңбек деп атауымызға толық негіз бар.

Университет ғалымдары өз білімі мен білігі, мол тәжірибесі мен ізденісінің арқасында тарихшыларға жүктелген зор міндетті атқаруда табанды еңбек етіп келеді. Ел ғылымына қосар еңбектеріңізге табыс тілейміз!

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ЭТОЙ ЯРМАРКИ КРАСКИ...

В КазНУ открылась сельскохозяйственная ярмарка Карасайского района Алматинской области. Впервые среди вузов страны университет в рамках программы социального партнерства совместно с профсоюзом «Парасат» работников КазНУ, акиматами г. Алматы и Карасайского района проводит ярмарку для своих студентов и преподавателей.

«Мы позаботились о том, чтобы в эти дни, особенно накануне мусульманского праздника Курбан айт, наши сотрудники и студенты не ездили специально на рынок или в магазин за продуктами, а могли приобрести их прямо здесь. Тем более, что все необходимое для дастархана представлено в одном месте и по сниженным ценам. Такие ярмарки мы планируем проводить на территории вуза постоянно, чтобы предоставить людям возможность покупать свежие продукты местных сельхозпроизводителей», - отметил председатель профкома «Парасат» работников КазНУ Талгат Кебаев.

Посетители, обойдя торговые ряды, остались довольны, представленным широким ассортиментом мясных, рыбных, молочных продуктов, бакалеи, фруктов и овощей, а также других товаров, цены которых их приятно обрадовали - они были на 25-30% ниже рыночных. Особенно много на ярмарке было мяса: аппетитная баранина, говядина, конина, казы, копчености различных видов. За ними выстраивалась большая очередь.

«Ярмарка - это хорошая возможность ознакомить ее посетителей с продукцией нашего фермерского хозяйства. Все свежее, качественное и дешевое. Мы хотим, чтобы студенты и преподаватели КазНУ как покупатели остались довольны и качеством, и ценами нашей продукции», - сказал представитель фермерского хозяйства «Хамза» Хабиб Мырзахметулы.

Ярмарка также обрадовала и студентов, внимание которых привлекло большое разнообразие сортов овощей и фруктов. «Привезенные, можно


сказать прямо с поля, морковь, капуста, свекла, картофель, перец, томаты приятно удивили своей свежестью, а яблоки и груши - своими вкусовыми качествами. Очень удобно, что ярмарка проводится в КазГУrade, сегодня сэкономили и время, и деньги: не надо специально ездить на рынок, а главное - доступные цены. Спасибо организаторам ярмарки, руководству университета, которое заботится о своих студентах и преподавателях», - поделилась своими впечатлениями студентка третьего курса механико-математического факультета Дина Толегенова.

Свои теплые слова благодарности руководству КазНУ выразили и жители ближайших к университету домов. «Очень хорошо, что, ярмарку устроили именно здесь. Я живу рядом, в микрорайоне «Коктем-1», поэтому я так обрадовалась, что можно купить мясо, молоко, сухофрукты, овощи, соленья, в общем, все необходимое по приемлемым, для пенсионеров, ценам», - отметила Зинаида Андреева.

Сельскохозяйственные ярмарки проводятся в г. Алматы в рамках Государственной программы «Агробизнес-2020», которая была принята в феврале 2013 года в целях реализации Послания «Стратегия «Казахстан-2050», а также для стабилизации цен на рынках мегаполиса, обеспечения населения качественной продукцией, поддержки отечественных производителей агропромышленного комплекса.

Акмарал КУАНЫШЕВА
Продолжение на 8 стр.

Продолжение. Начало на 1 стр.



МАСТЕР - КЛАСС ЧЕМПИОНА

Один из таких героев нашего времени – Серик Сапиев, который пользуется большой популярностью у молодежи», - отметил начальник управления молодежной политики г. Алматы Санжар Бокаев.

Открывая встречу, заведующий кафедрой физического воспитания и спорта КазНУ Анатолий Арещенко отметил, что в университете развитию физкультуры и спорта в КазНУ уделяется особое внимание. Для этого есть прекрасные условия и техническая база – стадион, спортивный комплекс, открытые площадки. Культивируется свыше тридцати видов спорта. Клубная форма работы секций позволяет студентам заниматься физкультурой и спортом в удобное для них время и с большей эффективностью.

«Ежегодно студенты КазНУ становятся победителями универсиад, турниров и спартакиад. Многие из них являются призерами и победителями престижных республиканских и международных соревнований, чемпионатов мира и республики. 11 студентов КазНУ приняли участие в Олимпийских играх в Лондоне. Среди них – тяжелоатлетка Светлана Подобедова, которая в упорной борьбе выиграла золотую медаль», - подчеркнул Анатолий Иванович.

На встрече студенты задали гостю много вопросов. Почему выбрали именно бокс? Какие чувства испытывали при победах? С чего начинается утро спортсмена? Чем занимаетесь в свободное время? Кому посвятили победу в Лондоне? Кем мечтали стать в детстве? и другие.

Серик Сапиев не только ответил на вопросы ребят, но и поделился своими планами на будущее. «Я начал заниматься боксом в 10 лет. Были, конечно, и поражения, которые стимулировали на дальнейшие победы. При этом всегда ощущаешь большую ответственность. За каждой победой стоит упорный труд и усиленные тренировки. Так как я планирую остаться в спорте, хочу повысить свое профессиональное образование. Скоро поеду в Лондон изучать психологию, теорию и практику физического воспитания, чтобы дальше развивать бокс в Казахстане и воспитывать хорошую смену боксеров», - отметил чемпион.

В завершение встречи он показал несколько приемов защиты в боксе, рассказал о психологической подготовке спортсменов перед боем и подарил автографы на боксерских перчатках, которые были вручены юным спортсменам КазНУ.

Бахыт БАЙКУЛБАЕВ,
доцент кафедры
физвоспитания и спорта КазНУ

Магистрантка КазНУ Жансая Багитова стала обладателем стипендии Президента РК Н.А.Назарбаева

Нұртас АСҚАРОВ,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент:

«Қазақ жерінде ешқашан да құлдық болмаған»

– Сіз философия пәні бойынша ҚазҰУ студенттеріне ұзақ жылдардан бері дәріс оқып келесіз. Жалпы, алдыңыздан білім алған студенттерді екі кезеңге қарастырып көрсек. Яғни, өткен ғасыр және қазіргі ғасыр жастары. Сіздің ойыңызша, қай кезең студенттері жігерлі, білімді, белсенді?

– 1980 жылдан бері Қазақ ұлттық университетінде жолдамамен ұстаз болып қалған болатынмын. Содан бері отыз үш жыл уақыт өтті. Әрине өткен ғасыр, қазіргі ғасыр деп бөліп қарауға болмайды, әр ғасырдың ерекшелігі бар. Өткен ғасырда жастарға қазіргідей көп жеке оқу орындары жоқ, мектеп бітірушілер бір жылда барлығы түсе алмайтын, бірнеше жыл дегенде армандарына қол жеткізіп жатты. Ол кездегілердің тәрбиесі қазіргіден бөлектеу болды. Жастар тек кітап оқитын, ал қазір интернетте керекті дүниелерін тауып жатады. Оған әрине жастар кінәлі емес, уақыт талабы сондай. Менің пайымдауымша, бүгінгі жастардың көзқарасы әлемдік деңгейде, жастар өйткені кең көлемде түйсінеді, ойланады, көзқарас қалыптастырады.

– Жастардың ойлау қабілеті жоғары деп бағалайсыз ғой?

– Қазіргі жастардың ойлау қабілеті өте жақсы, өте жоғары деңгейде.

– Философиялық көзқараспен қарасақ, адам бұл дүниенің мәніне жетер ала ма?

– Адам бұл дүниенің мәнін түсінуге тырысады. Өмірбақи алға ұмтылады.

– Қазақтың мифологиясы арқылы студенттерге қандай да бір ізгілік, тәрбиелік, терең ой ұғындыруға бола ма?

– Мифология деген аңыз ғой. Қандай да

бір ізгілікті істер болса, соған ұмтылу, талпыну. Адам барлық уақытта алға талпынумен келе жатыр. Сондықтан тәрбиелік мәні бар деп ойлаймын.

– Студенттердің ойлау өрісін, терең толғанып, алыстан бағдарлау сезімдерін кеңейту үшін не қажет деп ойлайсыз?

– Ғаламтордың бүгінгінің жастары үшін маңызы зор. Себебі жастардың ғаламтордан білері көп. XXI ғасыр жастары үшін ғаламтор желісін білу өте қажет деп ойлаймын.

– Жастар және дін тақырыбына ойыссақ, қалай ойлайсыз, жастарға дін сабағын философиялық жолмен ұғындыруға бола ма? Еліміздегі дін мәселесі, жастар тәрбиесі жайлы ой қозғасаңыз?

– Дін дегеніміз, шын мәнісінде, адамды инабаттылыққа тәрбиелейді, онда мораль, адамгершілік мәселелері қарастырылады. Ал бүгінгі қоғамда жастар дінді жақсы түсінеді деп ойлаймын. Дінді түсінбейтіндері кемде-кем. Негізінде адам дінге келу үшін рухани ішкі жан дүниесін тазалап алуы тиіс. Дін жолына түсу үшін оны дұрыс ұғынып алуы тиіс. Дінге бару деген – хиджаб кию емес, сақал-мұрт қою емес, ол - біріншіден, тазалық.

– Жастардың дүниетанымы қандай?

– Қазіргі жастардың дүниетанымы өте кең. Мысалы менің тәжірибем барысында айтатын болсақ, қандай пән болсын, қандай тақырып болсын ойын ашық жеткізе алады. Олар кең көлемде ойлайды. Біздің елімізде жастарымызға дүниежүзілік кеңістік ашылған, шетелге барып-келіп жатады. Адамның көпшілікпен көп араласуы дүниетанымдық көзқарасты кеңейтеді.



– Қазақ философтары әлі де мынаны айта алмай, жеткізе алмай келеді деген қандай да бір мәселе бар ма?

– Жоқ, айта алмас едім, себебі қазіргі ұстаздардың барлығы оқыған, тоқыған білімді адамдар. Ондай мәселе жоқ, шетелмен тығыз қарым-қатынастамыз. Ұстаздарымыз шетелге білім алмасуға шығады, бізге шетелден ұстаздар келеді, осылайша, достық байланыс орнатып отырмыз.

– Қазақ пәлсапасы туралы қысқаша айтып берсеңіз?

– Сабақ барысында үнемі түсіндіретін қағидалар, айтатын әңгімелер жетерлік. Мәселен, мына көзқарастарды айтқым келеді. Қазақ философиясында басқа халықтар тәрізді Әлем мен Адам екі дүниенің сырын ашуға ұмтылған. Аспан денелерінің қозғалысына таңдана қарап, өзінше ой түйген. Көк аспанның сырын ашуға талпынған. Қазіргі заман тілімен айтқанда, көшпенді қазақтардың экологиялық санасы биік болған. Бұл - біріншіден. Екіншіден, қазақ дүниетанымының ерекшеліктерін айтқанда, ескерер мәселе, ол қашан да олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі. Қазақ жерінде ешқашанда құлдық болмаған. Үшіншіден, қазақ қашан да теңдік пен әділеттілік мәселесіне қатты назар аударған. Төртіншіден, теңдікке негізделген әділеттіліктен әлеуметтік айырмашылықтар мен әлеуметтік топталу аз болған. Бесіншіден, байлыққа жетуден гөрі арнамысты жоғары ұстау халықтың қанына терең сіңген құндылық. Онымен тығыз байланысы бар нәрсе - бар затқа қанағат ету де қазаққа

тән қасиет. Алтыншыдан, ұжымдық мүддені жеке мүддеден гөрі жоғары ұстау – ол да көшпенділік өмір салтынан шыққан құндылық. Жетіншіден, көшіп-қону барысында әр қилы қиындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тура келді. Ол - ерлікті, батырлықты қасиет етіп талап етті. Сегізіншіден, көшпенділердің өмір өне бойы қауіп-қатерлерден, соқтығыстардан тұрғаннан кейін ол күнбе-күнгі өмірді бағалап, алудан гөрі болуды жаратқан. Әрбір күнді той-думанға айналдыру, өзін шешен сөзбен, даналықпен көрсете білу, әртүрлі сайыстарға қатысу, «сегіз қырлы, бір сырлы болу» бабаларымызға тән қасиеттер. Тоғызыншыдан, дүниеге, басқа халықтарға деген көңілінің ашықтығы, қиналғандарға риясыз қол ұшын беру - бұл да біздің қазақ халқының керемет қасиеттерінің бірі болып саналады. Онымен қатар, көшпенділердің негізгі құндылықтарының бірі - ата-ананы, үлкендерді сыйлау. Әрине, халықтың мыңдаған жылдар шеңберінде бойына жинаған қадір-қасиеттерінің ішінен біз негізгілерін ғана көрсеттік.

– Шәкірттеріңізге, жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Кеңейтілген көзқарас. Жастарға да қазір бәсекелестік кезең соған сәйкес өмір сүріңдер деп үнемі айтып отырамын. Әлемдік бәсекеге қабілетті болсақ, алар асуымыз да көп болады.

– Сұқбатыңызға рахмет!

Сұқбаттасқан Фариза ӘЛІПБЕК

Құрбан айт мерекесі

Құрбан айт – мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол «Ораза айттан» кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылады. Бұл күндер қасиетті Меккеге қажылыққа барумен аяқталады. Айт күндері әрбір мұсылман ата-бабаларының басына барып Құран оқиды, аруағына құрбандық шалады, мал сояды. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады.

Алланың бұйыруы бойынша бірінші құрбандық Ибрагим Пайғамбардың сүйікті баласы Исмаил болуы керек еді. Не әкесі, не баласы қарсы болған жоқ. Алла әкесі мен баласының өзіне шын берілгендігіне көз жеткізіп, оларға құрбандыққа жұмақтан аспан түстес көк қошқарды түсіріп, оларға мейірімін төгеді. Содан бері дәстүр жалғасын табуда. Оны орындау – әрбір мұсылманның міндеті. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйе малын шалады. Басқа жануарлар қолданылмайды. Ауру, соқыр мал құрбандыққа шалынбайды. Мұсылмандар үшін Құрбан айттың бірінші күні маңызды болып саналады. Бұл күні мешіттерде айт намазы оқылады. Айттың осы бірінші күнінде адамдар бірін-бірі құттықтап, бір-бірінің үйінен

дастарханнан дәм татады, бұл күні әр мұсылманның үйінде дастархан жайылады. Құрбандық шалатын айт күндері шалынған миллиондаған құрбанның еттері бай-кедей, жетім-жесір, кедей-кепшік, жас-кәрі, әйел-еркегімен бүкіл адамзатқа сый ретінде қабылданып, осы үлкен жақсылықты нәсіп еткен Раззақ (шынайы Рызық беруші) Жаратушыны естен шығармай, бұл мереке кең көлемде атап өтілуі тиіс.

Б.Н. АҚШАЛОВА,
ф.ғ.к., гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының доценті;

К. РЫСПАЕВА,
ЭжБЖМ-нің 1-курс магистранты

Құрбан айт мерекесінің қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасында 1-курс студенттерімен «Құрбан айт – мұбәрак болсын!» атты дөңгелек үстел өтті. Әлемдік деңгейде мәртебесі биік діни мереке саналатын Құрбан айт – барша мұсылман қауымына ортақ ұлық мейрам. Елбасының ұлттық мерекелердің мәртебесін көтеру бастамасы негізінде Құрбан айт мемлекеттік деңгейде аталып келеді.

ҚҰРБАН АЙТТЫ АТАП ӨТТІ

Жиында топтың куратор эдвайзері мен студенттер дастархан жайып Құрбан айт мерекесі жайында ақпарат бөлісті. Дөңгелек үстелде студенттердің назарына «Алып піл» мультфильмі ұсынылды. Көрсетілімнен кейін студенттер өз ойларымен бөлісті. Пікір алмаса отырып, олар Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінен, Абайдың қара сөздерінен, Шәкәрімнің өлеңдерінен үзінділер оқып, дін жайлы қанатты сөздермен бөлісті. Құрбан айттың маңыздылығын ұлықтаған отырыста жылуфизика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі Салтанат Бөлегенова: «Тарихи құжаттардан белгілі болып отырған деректерге жүгінсек, 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Оған негіз 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақстан Автономиялы

Республикасы Орталық атқару комитеті Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі. Оған С. Меңдешев төрағалық жасаса, Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкей-хандар Төралқа мәжілісіне қатысқан екен. Енді, міне, 1926 жылдан күштеп тоқтатылған мұсылмандар мерекесіне тәуелсіздігімізді жариялап, зайырлы мемлекет атанған тұста ресми мәртебе беріліп, тарихи әділеттілік қайта орнығып, қасиетті мерекемен еліміз қауышты», – деп тарихқа шолу жасады. Сөз соңында студенттерді мерекемен құттықтап жылы лебізін білдірді. Жастарды берекеге, татулыққа ел азаттығын баянды етуде қажырлыққа шақырды.

А. А. ҚҰЙҚАБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының оқытушысы

ҚазҰУ-да Алматы облысы Қарасай ауданы ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтті

ЯРКИЙ ПРИМЕР ДЛЯ ПОКОЛЕНИЙ



КазНУ имени аль-Фараби гордится своими учеными-педагогами, имена которых вписаны золотыми буквами в историю университета. Особое место среди них принадлежит одному из основателей Казахской научной школы гидроэлектрометаллургов, электрохимиков и химиков-аналитиков, вошедшему в мировую научную элиту как руководитель школы амальгамной химии и металлургии, академику Академии Наук КазССР, доктору химических наук, профессору, заслуженному деятелю науки Казахстана Михаилу Тихоновичу Козловскому.

КазНУ продолжает выпуск серии книг «Өнегелі өмір» («Жизнь замечательных людей»), посвященных выдающимся деятелям науки и образования Казахстана. Очередная книга «Михаил Тихонович» повествует о жизни и деятельности известного ученого, академика Академии Наук КазССР, доктора химических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Казахстана Михаила Тихоновича Козловского.

М. Козловский в разное время занимал должности, от младшего научного сотрудника, до проректора по научной работе Казахского государственного университета им. С.М.Кирова. Являлся академиком и членом Президиума АН КазССР.

Он создал в Казахстане научную школу электрохимиков-аналитиков, представленную его учениками и последователями. Среди них 5 подготовленных им докторов наук, более 40 кандидатов и целая «армия» многочисленных химиков-аналитиков, работающих во всех концах Казахстана и за его пределами. Он создал новое направление в науке, которое продолжает развиваться по предсказанному им пути. Именно при непосредственном участии М.Т. Козловского воспитано целое поколение педагогов кафедры.

В честь него на факультете химии и химической технологии КазНУ совместно с Центром физико-химических методов исследования и анализа 9-11 октября была организована международная научная конференция по аналитической химии и экологии, посвященная 110-летию со дня рождения академика НАН РК М.Т. Козловского. Светлая память о нем навсегда сохранится в сердцах его благодарных учеников.

М.К. НАУРЫЗБАЕВ,
профессор факультета химии и химической технологии КазНУ;
Л.К. КУДРЕЕВА,
доцент КазНУ

Күні кеше география және табиғатты пайдалану факультетінің жатақханасында «Еліміздің болашағы – тәрбиелі жастардың қолында» атты дөңгелек үстел өтті. Студенттермен тәрбие саласында ой бөлісе келген география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценттері Ә.Т. Мылқайдаров пен О.Ж. Ғабдолла сияқты ұстаздардың ұлағатынан жастар мол мағлұмат алды. «Тәрбиесіз алған білім қауіпті, ғұлама білім тәрбиімен келеді», – деп, әл-Фараби бабамыз айтқандай, білім мен тәрбиені бір-бірінен ажыратуға болмайды. Киелі қара шаңырағымыздың оқытушылары бізге сапалы білім ғана емес, саналы тәрбие беріп, мәдениетті, патриотты, ұлтжанды болып өсуімізге үлес қосуда.

МӘДЕНИ МӘСЕЛЕГЕ МӘН БЕРЕЙІК!

Жастар бойына тәрбие мен білім нұрын қатар сіңіріп жүрген ұстаз Ә.Т. Мылқайдаров студенттердің қоғамда алатын рөлі мен қызметіне, Алматы мегаполисінің экологиялық-экономикалық шиеленістен шығуына жастардың қосар үлесінің зор екендігіне тоқталды. Әсіресе ұлт интеллигенциясына айналардай қабілеттері бар, көзі ашық, білімге құштар студенттер қала тазалығын сақтап, айналасына мейіріммен қарап, қоршаған ортаға қамқорлық жасауы керектігін тілге тиек етті. Алып шаһар тұрғындарын, оның ішінде сырттан келушілерді тазалыққа бейімдеуде жастар баршаға үлгі болса, қаланы күл-қоқыстан тазартып, ауа ластануын бәсеңдету үшін велосипедті пайдаланудың тиімді екендігін айтты. Бұл ойды студенттер де бірауыздан қолдап, 3-курс студенті Айгерім Салықбаева ҚазҰУ қалашығында вело тұрақтардың жұмыс істеп тұрғандығына ризалығын білдірді.

Басқосуда студент пен ұстазды алаңдатқан келесі мәселе ана тіліне қатысты өрбіді. Студенттердің тілге байланысты қойылған сауалына О.Ж. Ғабдолла тіліміздегі шалалық тақырыбында, ана тіліміздің мәртебесі,

латын әліпбиіне көшу жөнінде өз пікірін білдіріп, шешу жолдарына баса назар аударды. Ұстаз тіліміздің бұрмалануына да өзіміз себепкер болып отырғанымызды қынжыла айтты. Қазақ тілінің ана тілі деп айтылуының да өзіндік мән-мағынасына тоқталды. Ана сөзінің баршамыз үшін қадір-қасиеті жоғары болғанындай, ана тіліміздің де дәрежесі сондай жоғары болуын айтты. Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін жоғалтпау, мәртебесін көтеру баршамыздың міндетіміз және мәдениеттің шыңы деп түсінуіміз керек екендігін ұғындырды. Студенттер тарапынан да түрлі ұсыныстар айтылып, өз сауалдарына қанағаттанарлық жауаптар алды.

Қазір ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде ел болашағы – жастардың санасын уланудан қорғап, дұрыс ойлауы үшін мәдени мәселеге көбірек мән беріп, ғибраты мол ақыл-кеңестердің жиі айтылғаны абзал.

Баян ШЕНГЕЛБАЕВА,
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 3-курс студенті

ҚАЖЕТТІ, КЕРЕК ЗАТТАРДЫҢ ТЕГІН ЖӘРМЕҢКЕСІ

ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінде «Қажетті, керек заттардың тегін жәрмеңкесі» атты іс-шара өтті. Қолданысқа керексіз деп танылған заттарды тастамай, қоршаған ортаны ластамай және сол заттарға келесі бір жаңа өмір сыйлау мақсатында бұл шараны факультеттің кәсіподақ ұйымы арнайы ұйымдастырған. Болашақ биолог, табиғат қорғаушыларының бұл бастамалары бұқараны экологиялық тазалыққа үндеп отыр. Жәрмеңкеге келген халық қажетті деп тапқан заттарын тегін иеленді.



Шағын әшекейлік бұйымдардан бастап, іші сырға толы кітаптардың түр-түрі, керекті құралдар, әртүрлі киімдер, т.б. заттар орын алған жәрмеңкені студенттерден бастап факультет басшылығына дейін тамашалады. Биология және биотехнология факультеті кәсіподақ ұйымының төрайымы, профессор Жаннат Базарбаева алғашында бұл жәрмеңке елеусіз қала ма деген қорқынышы болғанын да жасырмады.

Алайда куә болғанымыздай, шараға жиналғандар көп болды. Бұл шара өз кезегінде университетіміздегі «Грин кампус» жобасына да үн қосқандай. Жиналғандар ризашылықпен тарқасып, мұндай жәрмеңкенің университет деңгейде де өткізілуін тілеп қайтты.

Айнел ЖҰМАДИЛОВА,
Айдана ТЛЕУБЕРДІ,
биология және биотехнология факультетінің 3-курс студенттері

ЭКОНОМИКАҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

«Қазақстан-2050» стратегиясы – еліміздің амбицияларын жүзеге асыру жолындағы басты құрал, сенімді тірек. Стратегия – керегесі кеңейіп, тұғыры нық бекінген мемлекетіміздің дамуының бағыттары белгіленген, атқарылуы тиіс жұмыстардың жөн-жобасы айқындалған тарихи құжат. Әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу перспективаларына деген жастардың көзқарасымен бөлісу әрі еліміздің өркеніетті дамуына үлес қосу мақсатымен 10 қазанда ЭЖБЖМ экономика кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан 2050 стратегиясын жүзеге асыру аясындағы экономист мамандардың орны» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Онда еліміздің аймақтық дамуының артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Студенттер тарапынан Қазақстанды көркейту жолында істелуі тиіс жұмыстар туралы ұсыныстар айтылып, оларды іске асыру жолдары талқыланды.

Дөңгелек үстел барысында студенттер ел экономикасының артта қалған салаларының төмен дәрежеде даму себептері анықталды, оларды жою бойынша ұсыныстар айтылды. Еліміздің болашағы үшін ерекше маңызды салалар айқындалып, олардың потенциалына баға берілді. Профессор Тамара Сарбасова: «Бүгінгі дөңгелек үстелде студенттердің ынтықсына, құлшынысына риза болдым. Студенттер Қазақстанның әр өңірін жете зерттеп, өз тараптарынан ондағы проблемаларды шешуге қажетті ұсыныстар білдірді. Жиында студенттерге сұрақ қою арқылы проблемалардың шешу жолдарын бірге талқыладық десек те болады», – десе, э.ғ.к., доцент Айман Ережепова: «Қатысқан студенттердің ой-пікірінен олар еліміз үшін қашан да игілікті іс жасауға дайын екенін аңғарғандай болдым. Экономика саласының болашақ мамандарының мұндай әлеуеті ел экономикасын дамыта түсері сөзсіз», – деп болашақ мамандарға сенім білдірді. «Қазақстан-2050» стратегиясының басым бағыттарынан саналатын экономика саласын дамытуда кадр біліктілігі зор маңыздылыққа ие. Ал ҚазҰУ-да маманданып жатқан жастар пікірі көңілге қонымды-ақ. Олар теориямен ғана шектелмей еліміздегі экономикаға қатысты мәселелерді зерттеп-зерделеп бүгіннен сол өзекті тақырыпқа үндерін қосуда. Мәселен, экономика мамандығының 4-курс студенті Айшабибі Ишанова: «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында өткізілген дөңгелек үстелде Қазақстанның 5 экономикалық ауданы қарастырылды. Біз аймақтардың жалпы сипаттамасымен, ондағы проблемалармен, олардың пайда болу себептерімен танысты, оларды шешу жолдарын ұсындық. Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауларында өңірлердің дамуына баса назар аударып, өңір қызметінің белсенділігін одан әрі арттыру мақсатын атап өтеді. Осы мақсатқа жету жолында біз, жастар, өз үлесімізді қоссақ, аз да болса елге сіңірген пайдамыз болар еді», – десе, экономика мамандығының 4-курс студенті Фариза Кемешова: «Бүгін студенттер өздерін болашақ экономистер ретінде Қазақстанның аймақтық проблемаларын көре білу, оларды шешу жолдарын талдай алу қабілеттерімен көзге түсті. Тақырыпқа өзек етіп алынған «Қазақста-2050» стратегиясы бүгінгі таңда еліміздің даму бет алыстарын көрсететін басты жоспар болып табылады», – деген пікір айтты.

Гүлия ИЛЯШОВА,
экономика кафедрасының аға оқытушысы

**Студенты КазНУ посетили выставку интеллектуального павильона
Фонда Первого Президента РК**



ӨРШІЛ ЖЫРЛАРЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ШЫҢДАҒАН

«Жыраулардың соңы, ақындардың басы» Махамбет өлеңдері жыраулық пен ақындық екі мектепті жалғастырып, екі мектептің тілдік белгілерін бір арнада тоғыстырған өзіндік мәнерімен ерекшеленеді. Сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихында Махамбеттің орны айрықша. Себебі ақын жырларында тарихтан келе жатқан ескі жырлардың сілемімен бірге жаңа мектептің өзгеше үлгілері қатар түсіп, жарыса өріліп отырады. Мұның өзі бұрын-соңды бола қоймаған, Махамбетке ғана тән стильдік даралықты, махамбеттік образдар тобын, қимылдың өр де кеуделі суреттерін, ақынның қажырлы да қайратты, өршіл де намысқой ерекше зор үнін тудырған. Сондықтан ақын өлеңдері қазақ әдеби тілінің тарихында әдеби тілді жаңа сөздермен, жаңа тіркестермен, ерекше стильдік бейнелі образдармен толықтырған, толықтыра отырып дамытқан, жаңа нормаларды қалыптастырған мұра ретінде бағаланады. 1925 жылғы ақын өлеңдерінің жинағын ақынның өзі өмір сүрген уақытына жақын, сондықтан канондық нұсқаны жасауға тірек болған басылым деп бағалау жөн және өлеңдерді жеткізуші адамдар туралы нақты мәлімет бар. Ең бастысы, Х.Досмұхамедұлы Махамбет өлеңдерін Ығылман жыраудан жазып алғаны жайында толық мәлімет берген. Ығылман Шөрекұлы да, Мұрат Мөңкеұлы да – танымал ақындар. Сондықтан 1925 жылғы жарияланым Махамбет өлеңдері мәтіндерінің архетипі болып саналады әрі әр жылдары түрлі жинақтарда Махамбет батырдың сөздері түрінде жекелеген өлеңдері жарыққа шыққанымен, бұл басылымнан бұрын жарияланған, баспа бетін көрген ақын өлеңдерінің толық варианты болды деген мәлімет жоқ.

Х.Досмұхамедұлының басылымынан кейін Махамбет тақырыбын көтерген академик Қ. Жұмалиев болды. Академиктің ат салысуымен 1971, 1979, 1984, 1990, 1994 жылдары Махамбет өлеңдері жеке кітап болып басылып шықты.

Б. Аманшин, кейіннен Қ. Сыдиықов та ақын өлеңдерінің жинағын шығарды. 1984 жылғы басылым 1925 жылғы тұңғыш басылыммен салыстырылып, текстологиялық жақтан көптеген талаптарға сай болып жарық көрді. Ал осы басылымға дейінгі аралықтағы Махамбет өлеңдері түрлі қоспалармен, мақсатты, мақсатсыз ауытқулармен, цензура қыспағымен, шығарушылардың тарапынан жіберілген еркіндіктермен жарыққа шықты. Сондықтан әр жылғы басылымдар мен тұңғыш жинақ арасында біраз айырым-өзгешеліктер пайда болған.

Махамбет – «ауызша-жазбаша мәтіннің» иесі, ол жырау емес, жыраулық дәстүрден толық бас тартпаған ақын, ақын ретінде өзіндік стилі бар тілдік тұлға. Сондықтан Махамбет өлеңдері алдыңғы кезең жырауларына ұқсамайды, бөлек. Махамбет – өзіне дейінгі жыраулар қалыптастырған тілдік жай-күйді тірілткен шығармашылық тұлға. Ертеден келе жатқан стандарт құрылымдар мен шаблондарды тарихи сабақтастықтың бірден-бір белгісіндей бағалайтын кейінгі ұрпақ үшін мағынасы көмескі сөздер мен мағынасы күңгірт тартқан тіркестердің сан алуанын тірілткен ақын. Сондықтан Махамбет тілінде мағынасы

көмескі, түсініксіз сөздерден гөрі мағынасы күңгірттенген тіркестер көп. Көмескі сөздер мен сөз тіркестерінің көп болуы және олардың Қазтуған, Доспамбет, т.б. ұқсас болуы олардың мекендерінің жақындығына тікелей байланысты. XV-XVIII ғғ. Қырым, Азов, Дон, Еділ бойларында ғұмыр кешіп, жыраулық дәстүрді дүниеге әкелген Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбеттерде, кейіннен Махамбетте кездесетін сой, тарлан, тарпаң, араша, баттауық, сайғақ, емсеу, жемсеу сөздері көнеліктер және бұл сөздер тек батыс аймақтан шыққан жыраулар тілінде ғана кездеседі, бірақ «жыраулар дәстүрін ілгері апарушы Бұқарда кездеспейді немесе ақындық мектепті әрі қарай алып кеткен Дулат, Шортанбай, Шөжелерде бұл көнелер жоқ», - дейді Е. Жанпейсов. Махамбет тілінде атап өтілген сөздерден басқа көне қабатқа жататын қалықпан, ереуіл, толағай, жетім, керіске, қырқарлану, зымыран, алаулау, маңғыстау, аса жұрт, астана жұрт, байтақ ел, күрдек, арал, аймақ (көл), аға, ару, қарындас, он сан ноғай, он сан байтақ, бұлу, кіреуке, керіскі, көкпен (көкпен де сауыр қынсыз деп), күдері (бау), қақ (бұршақ қақ), қалықпан (мен – қара құстан туған қалықпан), қаптама, қапылық (қапылықпен ұшыру), қатепті, мараю, мінкен (мінкен ер), ойнау, қия бір соғып ас ету, сай кез оқ, серек (арғымақ сені сақтадым құлағың сенің серек деп), тепкі, бағаналы (терек), шандоз, шандоздау, алғыншы, күлісті (күлісті сынды күренді), ерісу (еріскен

көңіл), т.б. сөздер мен сөз тіркестері бар.

Сондай-ақ Махамбеттегі айдынды көл, күмісті көл, жабағылы қой, егеулі найза, қималы найза, қоңыраулы найза, толғамалы найза, қанды көбе, қанды көбік, күмісті мылтық, күлісті күрең, күн қақты ер, көшпелі дәулет, ұялы бүркіт, томағалы сұңқар, кескекті ер, қой мойынды, айбар мүйізді, ащы дауысты, жалаулы найза, ордалы тіркестері -ды, -ті қосымшалары арқылы қалыптасқан, өзгеше тіркестер.

Алла, Мүкәммал, мәшурат сияқты бірен-саран араб, парсы сөздері болмаса, ақын тіліндегі бұл қабат бәсең де солғын. Ал орыс сөздері бір рет кездесетін срок сөзінен бөлек, мүлде жоқ деуге де болады.

Кез келген шығармашылық тұлғаны тұлға ететін көркемдік-бейнелеушілік тәсілдер екені мәлім. Өлең – өнер десек, көркем шығарма ұлттық өнер мен бейненің бір үзіндісі, ұлттың ментальды сипатының бір көрінісі, сондықтан көркем шығармада оны дүниеге келтіруші автордың қарым-қабілетіне қарай өзгеше ұқсамайтын жеке-дара көркем ғалам бейнесі сомдалады. Ақын Махамбет өз кезін, өз өмірін, өз әлемін, өз түсінік-шамасын, өз баға-бағалауын, өз сезім-сенімін бәрін де тілі арқылы суретке түсірді, өзіне ғана тән тілдік құралдар арқылы өз әлемін сызды. Сөйтіп, ақынның стильдік даралығы, өзгелерге ұқсамайтын суреткерлік қелбеті қалыптасты. Бұл тұрғыдан алғанда, Махамбетті ақындық күйге жеткізген, оны алдыңғы толқын жыраулардан бөлектейтін соны да бейнелі

тіркестердің көптігін, поэзиясының өзіндік сипаттан кенде еместігін айту керек. Әсіресе боз ағаш, боз орда, бозан, тарлан боз, ақ орда, ақ кіреуке жаға, ақ найза, ақ алмас қылыш, ақ болат, ақ киік, қара нар, қара орман, қара балта, қара бақандай, қара лашын (қара лашын, а түйғын), қара су, қара бас, қара қазақ, қара қазан, қара айдарлы, сары бала, сары бал, құла жирен, қызыл сары жебе, т.б. түсті білдіретін сын есімдермен келген қолданыстар, сонымен қатар асылдан болат ұл туу, әлпешті ұл, сақалы шығып жат болу, көн кемеге міндіру, қанды ауыздан жалату, ақыретті жанға байлану, ер төсектен безіну, ұлы түске ұрыну, біріндеп жау қашыру, қарқыны күшті көк жебе, аш күзендей белін бүгілту, тас қазан, қаралай отын жару, қылыштай қиғыр, қарақұс қонбас көксеңгір, ат маңдайын тура қою, найзаны күнге қурату, құдайлау, құрсағынан шалдыру, сағағы болат қылыш, сусыны қанға қану, дем тарту, қалыңсыз құшу, білекті бірлестіру, біріндеп жауды қашыру, кескілеспей басылмау, тақ мейманасы тасу, тағыдай таңдап су ішу, бұзбай құлын пісіру, бойлата жүрекке сұғу, әділ жанын аямау, маңдайын сары сусар бөрік басу, сары алтынға малдыру, тереңнен көзін ойдыру, мұз үстіне от жағу, т.б. Махамбетке тиесілі ерекше оралымдар. Ал Махамбет өлеңдері жастар ғана емес, халықтың рухын шыңдайтын өршіл өлеңдер.

Б. МОМЫНОВА,
қазақ филологиясы кафедрасының
меңгерушісі, ф.ғ.д., профес

Жыраулық мотив моделі

Махамбет – көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шырқырап қоштасқан соңғы үні. (Ақселеу Сейдімбек)

Ақынды заман туғызады... Тәңір текті түйсіктің иесі болған осынау даңғыл көкіректі, кескек тұлғалы заман тарлан-боздарының заманына сай тармандай тағдыр кешкенін көреміз. Шарға ұстаған шымболаттай шамырқанып өткен жыр шандозы Махамбет те өз құйтырқы заманының құрбанына айналды. Заман аласапыран түс еді: бір заман формациясынан келесі бір бимағлұм заман формациясына алмасу, халықтың да осы құбылысқа сай бір сана формасынан

келесі бір сана формасына өту үрдісі тенденция алған түс еді.

Ескі заман мен кемшілігі көп келешек заман арасы аса диалогке ниетті емес еді. Көшпенділік өркениет өшіп, өктем өкімет өніп келе жатқан қараөзек шақ болатын. Дәл осы тұста Махамбетті жампоз жыраулық мектептің соңғы жауқазыны, тұяқ серпіп тарих талайына сіңісіп бара жатқан соңғы бұқар бард-ақын десек еш қателеспейміз.

Көшпенді өршіл поэзияның, жырау-

лық поэзияның қызметінің өзі де сол – халықты рухқа тәрбиелеу. Көкжал рухты көшпенді поэзиясының өршіл өкілі Махамбеттің «Мен, мен, мен едім», «боз ағаштан биік мен едім... томағалы сұңқар мен едім» деп жырлауы – нағыз рухтың белгісі. Сайып келгенде, Махамбеттің «Мені» – ұлттық рух пен ұлттық қасиет еді. Басқа жырауларда қайталанбайтын бұл құбылыс өз кезегінде Махамбет бастап берген арна ретінде қабылдауға болады. Дала поэзиясын кемеліне жеткізе зерттеген Мұхтар Мағауин да Махамбеттің «Мен» философиясын тереңнен түйсіне білген, сондықтан да ұлттық рухты танытатын осынау дала пәлсапасын өзіне де

жалғай білді, ол өзінің «Мені» толғады. Махамбеттің «Мені» – ұлттың «Мені».

Махамбеттің ақындығы – ерлігінде. Ақындық пен ерлікті идеал тұтқан, ақындық өнерін өмірінің айнасына айналдырған, ал шындап келгенде, өнерін де, өмірін де халықтың азаттық пен еркіндікке деген аңсарына арнаған тұлға еді. Махамбет – жыраулық эпиканың шыңына жеткен тұлғасы, ұлттық «менді» қалыптастыруға кіршіксіз қызмет атқарған, өнердің киелілігі мен қасиетін жоғары бағалаған болмысы бөлек ақын.

Қымбат СЛЯМБЕКОВ,
филология және әдебиеттану, әлем
тілдері факультетінің 3 курс студенті

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

ҚазҰУ-да өлем чемпионы Серік Сәпиевпен кездесу өтті



Айтбек Тұрсынбаев – жас ақын. Сан додада бағын сынап, жүзден жүйрік деп танылған, ол 1995 жылы мамыр айының оныншы жұлдызында Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жарлысу ауылында дүниеге келген. Жырлары аудандық «Құлан таңы», облыстық «Арай», Республикалық «Егемен Қазақстан», «Арда» газеттерінде, «Қазақстан патриоты» газет-журналында жарияланған. Сонымен қатар «Менің жырларым», «Ел еңсесі-егемендік», «Махаббат жайлы 1000 өлең» жинақтарына өлеңдері енген. Қалалық «Қазақтың қазақтығы – қазақ тілі» атты жас ақындар сайысының бас жүлдегері, «Жыр алыбы – Жамбылым» атты жас ақындар айтысының жүлдегері, облыстық «Халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбеков», «Махамбет оқуларының» бас жүлдегері, қалалық «Әуе толқынында – Қазақ радиосы!» атты жас дикторлар байқауынан бас жүлде иеленген. Әнуарбек Байжанбаев атындағы сыйлықтың лауреаты белгісімен марапатталған. «Тәуелсіздік-тынысым!» атты Республикалық байқаудың Бас жүлдегері. «Ұлан-байтақ Қазақстаным» атты Республикалық тарихи-этнографиялық танымдық байқауында «Шабьт» тобы құрамында қатысып, топ мүшелері Бас жүлдені қанжығаларына байлады. Семей қаласында өткен XIII Республикалық Абай оқуының жүлделі II орын иегері, «Ізбасар-2012» үздік шығармалар байқауының Бас жүлдесін иеленген. Республикалық «Жырбелес» жасөспірімдер айтысының жүлделі II орын иегері, «Алаш оқулары» байқауының жеңімпазы. Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 1 курс студенті. Төменде жас ақынның жырларын ұсынып отырмыз.

БАЛА МАХАББАТ НЕМЕСЕ ҚАРА ҚЫЗ

Келмеді өмірде құр қалғым,
Бүлдіршін болыпек біз балғым.
Бұрымын жұлып мен қыздардың
Мұрынын бұзушы ем ұлдардың.

Момын ұл емеспін мақтайтын,
Демеймін тып-тыныш қайтайын.
Шынында, жаным жай таппайтын,
Естімей апайдың айқайын.

Жөн білмес балдырған баламыз,
Мектепке асығып келемін.
Бар еді бір сұлу қара қыз,
Соған көп тиісе беремін.

Кей кезде шыдамай жылайтын,
Айтбек қоймайды сөзі көп
Мен емес кешірім сұрайтын,
Ұстазға айтамын өзі деп.

Сөйлейтін тұрғанда жайды ұқпай,
Болмаймын досың деп ашына.
«Жарайды» деймін де қаймықпай,
Қайтадан отырам қасына.

Талпынам бар таудай талабым,
Қуанып күліппіз тасыппыз.
Бір сынып он екі баланың,
Бесеуі бір қызға ғашықпыз.

Ә, рас сотқармын, бұзықпын,
Уайымдар емес шын ол қайғым.
Талайы өтіпті қызықтың,
Сол қызды өзгеден қорғаймын.

Кей ұлға жетпейтін батылым,
Не шара? Қулыққа басамын.
Баспенен ойланып ақырын,
Таспенен бір ұрып қашамын.

Ағама айтамын сөзімді,
Сондағы айтарым жігітпін.
Қара қызға деген сезімді,
Осылай жеткізіп жүріпін.

Құлшынып ойынға қызықтық,
Тірлікті тындырмай шалағып.
Қалыс қап барлығы бұзықтық,
Алыстап барады балалық.

Естіден есерлер көбейді,
Келмейді жаманға бағынғым.
Анаңыз мен жайлы не дейді?!
Қара қыз, өзіңді сағындым.

БАЛА МАХАББАТ НЕМЕСЕ САРЫ ҚЫЗ – II

Есіме алдым далаға қарап,
Қоңырау шалдым нөміріңді теріп.
Сұлу сары, сары қыз, бала махаббат,
Ашық сөйлестің көңіліңді бөліп.

Қытымыр аяз қалада қыс бұл,
Ойлаған емен өзге ештеңені.
Өтіпті, қалқам, арада үш жыл,
Сөйлеспегелі, кездеспегелі...

Жүректің өзің білуші емін,
Ұяң емеспін тартылатын мен.
Күлуші едім, жүруші едің,
Көшеге шықпай қорқып әкеңнен.

Жалын жыр арнап айтатын едім,
Өзен жағасын іңірде бойлап.
Сен шықпаған соң қайтатын едім,
Бес-алты жасар ініңмен ойнап.

Біліп аламын мән-жайды бірақ,
Кім ұқсын бұл күн күйін ғашықтың
«Не қылып жүр?» - деп сен жайлы сұрап,
Кішкентай ұлдың миын ашыттым.

Тек жақсылыққа қадам басамын,
Данышпан, дана ақылым көптей.
Қайынатаммен амандасамын,
Ұзақ сөйлеуге батылым жетпей.

Ғашық көңілім жиі алатын мұң,
Болашағыма жол аша берем.
Қиял, ақынмын ұялатынмын,
Үйге келгенде болашақ енем.

Қажет етпеймін апайды бөтен,
Ержеттім шүкір қорғана жүріп.
Құрметті енем атайды екен:
«Біздің бала», - деп ол қара жігіт.

Ғашық жандармыз мол қауышпайтын,
Алланың сезген шапағатын шын.
Алғашқы және соңғы ауыспайтын,
Сары қыз, менің МАХАББАТЫМСЫҢ!

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ...

Ерек тылсым күш атырабында,
Бір керемет бар, бақыладың ба?!
Сен қайдан келдің? Қай жерде жүрсің?
Қазақ тарихын оқымадың ба?
Өлеңге қосқан барлық ақыны,
Талдан үзілген жапырағында.
Байтақ мекенге байыппен қара,
Зор қасиет бар топырағында.
Естен тандырып азап, мұң лебі,
Қанға да бөккен қазақтың жері.

Жансыз мыстанның, сансыз дүшпанның,
Арманы болған қазақтың жері.
Темірдей төзім Тәңір сыйлаған,
Ерлікпен атты ғажап күндері.
Сан дүрбелеңді бастан өткізіп,
Қазақтың жері «азатпын» деді.

Егескен жауы өліп тынады,
Босағаларын берік қылады.
Біліп ал, досым, бұл қазақ елі,
Жаңадан жанған сөніп шырағы.
Бірлікпен тірлік жасайды тынбай,
Көрікті қызы, бөрікті ұланы.
Әр ақ таң сыйлап бақыт, қуаныш,
Жаратқан нұрын төгіп тұр әні.

Барлығың тыңда, балаңның әнін,
Қоғамның әнін, заманның зарын.
Қазақ жерінде жер табылмайды,
Шарлағаныңмен ғаламның бәрін.
Еріксіз жұтқан шарасыздықтан,
Су болып аққан бабамның қанын.
Атамекеннің перзенті бізбіз,
Кірлетпе, қазақ, анаңның арын!

НЕЛІКТЕН, НЕГЕ?

Жалған дүние бақыты достасу болар,
Бола салады өмірде кімнің дегені?
Бас қосуда бар, қия алмай, қоштасу да бар
«Махаббат» деген немене? Білгім келеді.

О, неткен ғажап жырлайды осыны халық!
«Махаббат» дейді, бұл шындық еріккен деме.
Қосыла алмай әу баста, қосылып алып,
Құтыла алмай жүреміз неліктен, неге?

«Сүйемін» сөзі арналар, қолыңда гүл ақ,
Еріккенде де айтылар зеріккенде де.
Достасып алып, жұп болып, соңында бірақ,
Қоштасып, кете береміз неліктен, неге?

Бөгде ойлардан арылсын санамыз ұсақ,
«Ғашық болғанмын мен саған ел үшін», - деме!
Құшақтап тұрып жүрекке саламыз пышақ,
Біз өзімізді алдаймыз не үшін, неге?

Сезімнің оты сезілмес шала жанғандай,
Мәңгі бір болсақ жалғанда келісім бере.
Бақытымызды байыппен бағалай алмай,
Тағдырымызбен ойнаймыз не үшін, неге?

Ажыратады бұл күні кім ақ-қараны?
Қаталдық барын байқалды сезінбегенім.
Қос ғашық бүгін қоштасып жылап барады,
Осы ма сонда шынайы сезім дегенің?..

...Аңсарын көрсе ойлайды бар адам қайғы,
Күдікшіл, құмбыл сезімі бағаланбайды.
Тасып толғанда жөн емес сөздер

айтамыз,
Ғашық болғанда жүрегің
жараланбайды.

Сан түрлі сезім санада сараланады,
Жыр жазып қолға қағазбен қалам

алады.
Қосылмай қалса, алдаса ақ армандары,
Ғашық жандардың жүрегі жараланады.

Сағыныш сезім толассыз барады үдеп,
Амандығыңды ғашық жан қалады

тілеп.
Мәңгі бір болу арманым. Сезім суытып,
Жарым жан болып қалмайық жаралы
жүрек.

АУЫЛҒА САҒЫНЫШ...

Шалқар шабыттың шарықтап әні,
Сағындырды ауыл анық баланы.
Сағымды қырын, сағынды ұлың,
Ай нұрын төккен жарық даланы.
Жолдар теп-тегіс, толған кептеліс,
Қаладан көңіл қалып барады.

Ойлары бөлек қалалықтардың,
Ауыл-мекені сан алыптардың.
Батпаққа батқан, қатқақта шапқан,
Күндер-ай шіркін балалық балғын!
Баудың ұлары, таудың ұланы,
Төрт қабырғаға қамалып қалдым.

Түсімде ылғи жайлы ақ таң, Құмбел,
Жұлдызды санап, жай жатқан нұрлы ел.
Бар дара пікір, Аллаға шүкір!
Күн сайын думан, тойлатқан кімдер?!
Дауылың аз-ақ. Ауылым ғажап,
Мен үшін қымбат қой баққан күндер.

Сөздерін айтып тіл ұшындағы,
Құс қылып, маған жыр ұшырғаны.
Бұзып тұр қайғы, қызықтырмайды,
Кербез сұлудың гүл ұсынғаны.
Шаршатты қала. Аңсатты дала.
Ауылға кетем, құрысын бәрі!



Бетті дайындаған Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Студент КазНУ Бексултан Бостандықов занял I место в соревнованиях на Кубок РК по тоғызкумалак

Продолжение. Начало на 3 стр.

ЭТОЙ ЯРМАРКИ КРАСКИ...



Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
журналистика факультетінің
профессоры

Жәрмеңкенің мақсаты – ҚазҰУ қызметкерлері мен студенттеріне ауыл шаруашылық өнімдерін нарық бағасынан төмендетіп сату. Бұл да бір үлкен шара, мұнда барлығына да тиімді түрлі өнімдер бар, арзан деп бәрі айтып жатыр. Алдағы уақытта да осындай әлеуметтік шаралар көп болғанын жақсы деп ойлаймын. Әр ұйымның өзінің қызметкерлерінің алдында жауапкершілігі бар. Және бұл да ҚазҰУ тарапынан көрсетілген үлкен жауапкершілік деп айтуға болады.

Зауре ОҢҒАРБАЕВА,
сатушы

Бүгін бірінші күн, сауда ойдағыдай. Бірақ әзірге елдің көбісі білмейді. Қарасай ауданы, Ақсу ауылдық округінен келіп отырмыз. Өнімнің бағасы тұтынушыға тиімді. Бұл бастаманы бізге әкімшілік тарапынан хабарлады. Біз тек ҚазҰУ қалашығында ғана емес, Алматы қаласының әр түкпір-түкпіріне жәрмеңке өткізіп тұрамыз. Жалпы халыққа да, өзімізге де пайдасы тиімді. Бұл жәрмеңкеге студенттер де оқытушылар

да теңбе-тең келуде. Өнімнің бағасын міндетті түрде әкімшілік өзі қояды. Соған қарап өнімдерді алып келеміз, өнімнің сапасы өте жоғары.

Сырым ЖАРҚЫНБАЕВ,
Қарасай аудандық ауыл
шаруашылық бөлімі бастығының
орынбасары

Қарасай ауданынан жәрмеңкеге 12 млн теңге көлемінде 62 түрлі өнім алып келдік. Біздің ауданда 5321 шаруа қожалығы бар. Биылдың өзінде 84 мың тонна картоп, 58 мың түрлі көкөніс, 9 мың тонна алма және т.б. өнім алдық. Ал енді бүгіннен бастап біздің ауданның өнімдерімен әр сенбі, жексенбі күндері осындай жәрмеңкелер өткізіп тұрамыз. Бүгін бірінші күн болғанның кейін, халықтың біліп, білмей жатқаны бар, десе де бүгін 12 мың теңге көлеміндегі өнімнің 85%-ы өтті. Енді бүгіннен бастап біз үнемі ҚазҰУ-мен байланыста боламыз.

Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ,
студент

Жәрмеңке өтеді дегенді естіп, студенттердің қуанғаны жасырын емес. Біріншіден, бағасы нарықтағы саудадан



әлдеқайда арзан, екіншіден, ҚазҰУ қалашығында ұйымдастырылғандықтан сатып алған базарлықты жатақханаға жеткізу де оңайға түсті. Білуімізше, еліміздегі жоғары оқу орындары тарихында мұндай жәрмеңке алғаш рет өткізіліп тұр әрі ол біздің университетімізде орын алып жатыр. Алда жәрмеңке апта сайын өтетіндігі де студенттерге ұнап

жатыр, енді базарға бару керек, көлік жалдау керек деген түсінік болмайды, арзан бағамен әрі жақын жерден сауда жасайтын болдық. Бүгін алғашқы саудасаттықты жасап та үлгердім, қалтама біршама ақша үнемдеген жайым бар.

Бетгі дайындаған Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Фототілші – Мамыржан БОТАБЕКОВ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 11 088

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.